

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК**

ХАТТАМАСЫ № 2023/6

«28» шілде 2023 ж.

Т.Рысқұлов ауылы.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мәжіліс залында сағат 11⁰⁰ де: **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мәселелері бойынша** жиналыс өткізілді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының у.м.а. Ж.М. Ақылбаева төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен Түлкібас аудандық орталық ауруханасының қызметкерлерінен құралған «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» жұмысшы тобы, қоғамдық бірлестіктің өкілдері және кәсіпорының қызметкерлері қатысып ақпараттық-түсіндіру шараларын өткізді.

КҮН ТӘРТІБІ:

**«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
жазылып жатқан Талдамалық анықтаманы талдау бойынша»**

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңының 8 бабы 5- тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес Түркістан облысы ДСБ-ның «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) басшысының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 2023 жылғы 14 маусымдағы № 239 н/қ бұйрығына сай Түлкібас аудандық орталық ауруханасының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында жұмыс тобы мен іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылдың маусым айының 23 мен тамыз айының 07 күндері аралығы етіп бекітілгенін хабарланған.

Ішкі талдау бойынша Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындауын, Медициналық көмек қызметтерін көрсетуін, Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер туралы, Жұмыс берушінің және кәсіподақтан қызметкерлерге қолдау көрсету шарлары туралы (материалдық көмек, сыйақы және т.б), Денсаулық сақтау басқармасының кадрлық тағайындау мәселесіне ашық механизмді енгізу туралы, Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша, Мемлекеттік сатып алу бойынша, Сот отырыстары туралы, Бұқаралық ақпарат құралдарындағы шығарылымдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы талаптарының орындалуы туралы айтып, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру; Қамтылған

бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер мен ұсыныстармен таныстырылды.

Түркістан облысы ДСБ-ның «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ МКК-ның Дуйсенбаев Мухтар Мыктыбекович заңгер кеңесші өз сөзінде: Бекітілген жоспарға сәйкес күнделікті негізде медициналық қызметкерлерімен ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын бұзушылықтарға жол бермеу бойынша, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелерін талқылау күніндегі жағдай бойынша профилактикалық әңгімелерді жиі қолданылуы керек екенін айтты.

Сонымен бірге Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелерін талқылау нәтижелері бойынша филиалдың директоры барлық қызметкерлеріне ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мүлтіксіз сақтау және бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұсқау берді.

Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Мәжілістің төрағасы:

Ж.М.Ақылбаева.

Хатшы: ТАОА заңгері кеңесші

М.М. Дуйсенбаев.